

«А.Нұрманов атындағы жалпы білім беретін орта мектебі» КММ

## **«Қайсар » Ұлдар Үйымының № 2 жиналысы**

**Тақырыбы:Буллинг**

**Откізген: Ұлдар үйымының жетекшісі Тлеубай Е.С**

**2024-2025 оқу жылы**

## **Мақсаты:**

- 1) Буллинг жайлы толық ақпарат беру.
- 2) Буллинг түрлерімен таныстыру
- 3) Қорытынды піуір алмасу жүргізу

Bullying сөзі ағылшын тілінен аударғанда «коркыту», «кемсіту», «мұқату» дегенді білдіреді. Буллинг — агрессия немесе күш көрсету арқылы адамның өзгені қорлауы, үстем екенін көрсетуі. Буллинг жасаушы мұны күшпен де, сөзбен кемсіту арқылы да жасайды әрі бұл әрекетін жиі қайталауы мүмкін.

Қоғамда «буллинг мектеп оқушылары арасында ғана болады» деген түсінік қалыптасқан. Шын мәнінде, кез келген жастағы адам үйде, көшеде, жұмыста, оку орнында, қысқасы, барлық жерде буллингпен ұшырасуы мүмкін.

Буллинг деп көп жағдайда бір адамның бір адамды қоркытып-үркіткенін, қудалауын атайды. Ал құрбанға топ болып әлімжеттік жасауды **моббинг** дейді.

Буллингтің негізгі төрт түрі бар. Олар: сөзбен қоркыту, күшпен қоркыту, реляцион түрі және кибернетикалық буллинг.

Буллингтің күш көрсету арқылы **жүретін түрі** адамның тәніне зиянын тигізеді, оның дүние-мұлкіне зардап әкеледі. Мәселен, иықпен қағып өту, ұру, төбелесу осы қатарда. Әдетте буллинг басқалай басталып, ақыр соңында күш көрсетуге алып келеді. Күш көрсету — өлімге апаруы мүмкін өте қауіпті буллинг түрі.

**Сөз формасындағы буллингте** адам ауызша айқаймен, дауыс көтеру арқылы және құліп, кекетіп-мұқату арқылы зорлық көрсетеді. Құрбанды қорлап, оның намысына тию, сыртынан ол туралы өтірік айту, өсек тарату, дөрекі сөйлеу, жәбірлеу сөз түріндегі буллингке кіреді.

**Relational** буллингті кейде әлеуметтік агрессия деп те атайды. Бұл – бір адаммен қарым-қатынас құру арқылы оған зиян келтіру, кемсіту. Сондай-ақ реляцион буллинг түсінігін бір адам басқа жанның репутациясына кір келтіргісі келген, оның қоғамдағы беделіне нұқсан келтіруді ойладап жасаған әрекетін сипаттағанда да қолданады. Relational буллинг сырт көзге жақын араласатын адамдар бол көрінетін ортада болуы мүмкін. Сондықтан ол ұзақ уақыт басқа адамдарға байқалмай, бірнеше жылға жалғаса береді.

Казір қоркытудың **кибербуллинг** деп аталатын түрі жиі ұшырасады. Мамандар да кибербуллингтің әсіресе пандемия кезінде өршіп тұрғанын айтып жүр. Кибербуллинг — интернет, әлеуметтік желі, түрлі сайт арқылы қоқан-лоқы көрсету. Жәбірлеуші телефонмен хабарласып немесе әлеуметтік желіде жазып, адамды қоркыта алады. Кибербуллинг жасаушы ауызша немесе белгілі бір фото, видео жариялад, қорлауы мүмкін. Сонымен қатар құрбанға зиян тигізу мақсатында ойластырылған арнайы тапсырыс аясында кибербуллинг белгілері байқалуы мүмкін.

Буллинг бұдан бөлек қандай жерде немесе кімге бағытталғанына байланысты бірнеше типке бөлінеді.

### **Мүгедектігі бар адамға қарсы буллинг**

Мүгедектігі бар немесе аутизммен ауыратын адамдар да буллингке жиі ұшырайды. Мұқатушы мұндай адамды денесіндегі ерекшелігіне бола кемсіте береді.

### **Жыныс ориентациясына байланысты буллинг**

Адамды жыныс ориентациясына байланысты қорлау, жағымсыз сөз айту, ұрып кету де буллингке жатады. Бұл жерде жәбірленуші көбіне топ адамның кемсітуіне ұшырайды.

### **Заңмен қорқыту**

Заңды буллингке адамды бақылауда ұстau немесе жазалау үшін сот құралдарын қолдану кіреді. Қорқытудың мұндай түрін жасайтындар көбіне ұзаққа созылатын сот процестерінің басталуына себеп болады. Осылайша буллинг жасаушы құрбанды өзіне бағынышты қылуға, қорқытып-үркітіп отыруға тырысады.

### **Әскердегі буллинг**

Әскердегі ұру, мұқатып-кекету де буллингке жатады.

### **Жыныстық буллинг**

Буллингтің мұндай түрінде адам өзгені қорқыту үшін оны зорлау арқылы күш көрсетеді.

### **Ата-ананың баланы қорқытуы**

Ата-ана балаға агрессия көрсетсе, оны шектен тыс мұқатып, ұрып-соқса, бұл да буллинг болып есептеледі. Тіпті кей психолог ата-ана баласының өзгені қорқытып жүргенін байқаса, кінәні өзінен, үйден іздеуге кеңес береді. Агрессия көріп өскен бала оны басқаға бағыттауы мүмкін.

Сонымен бірге буллинг адамның араласатын ортасына қарай оку орнындағы, түрмедегі, мектептегі, медицинадағы қорқыту немесе жұмыстағы кемсіту деп атала береді.